

Бекітемін:
«Күншуақ» бөбекжайы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
менгеруші м.у.а. Арыстанбаева Б.О



Музыка жетекшісінің 2023-2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс – әрекетінің циклограммасы.

«Ақ көжсек» тобы
«Балапан» тобы

Саз жетекшісі: Садуллаева Г

Музыка жетекшісінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 жылы.

Білім беру ұйымы МКҚК «Күншуақ»бөбекжайы

Топ: 2- сәбилер тобы

Білім беру саласы: Шығармашылық

Тақырыбы: «Айгүл қонақта»

Мақсаты: музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ойыншықтар, қуыршақ.

Сөздік жұмыс: қуыршақ, ойыншық.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялыққозғау-шылық	Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. - Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Кәне, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік. Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйретеді. - Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуен ойнағанда жүгіресіңдер. - деп ескертеді. Балалар әуенді ести отырып, қимылдар жасайды. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда, тоқтайды. Женіл әуенмен жүгіреді. - Ал, балалар, бізге қазір Айгүл ән орындап береді, соны тыңдайық. Музыка жетекшісі қуыршақты алдына алып отырып, әнді орындайды. «Жүгіреміз, жүгіреміз» (сөзі мен музыкасын жазған Г. Абдрахманова). - Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «Бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар. - Ал келіңдер, келіңдер, Мені қуып жетіңдер, - деп, ойынға шақырады. Музыканы тыңдайды. Балалар қуыршақ Айгүлмен бірге жүреді, жүгіреді, аяқтарын көтеріп жүруге талпынады. Қол шапалақтайды. -Ал кәнекей, қашыңдар, Тез-тез аяң басыңдар, - деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі. Музыка жетекшісі балалардың көңіл күйіне қарай	Балалар музыка үнімен музыка залына кіреді. Музыка тоқтағанда балалар да тоқтайды. Келесі жеңіл музыка үніне ауысқанда балалар жүгіреді. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар, бізге бүгін кім келді? Балалардың жүрісіне, ойынына ризашылығын білдіреді. Айгүл: Балалар, мен сендерге ризамын, сендер өте тез жүгіре	Балалар қуана ілесіп, ойынды қайтала Қуыршақ Айгүл келді. Балалар Айгүлмен қол бұлғап қоштасады.йды.

	алады екенсіңдер. Жарайсыңдар! ойынды қайталайды.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге сай қимыл жасауды.

Игереді: музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді.

Меңгереді: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуга дағдыланады.

Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар»

Мақсаты: ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту. қабілетін арттыру.

Балалардың есту

көрнекі құралдар: сылдырмақтың суреті, сылдырмақ.

Сөздік жұмыс: сылдырмақ, қоңырау.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар музыка залына келеді. Музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі тізіліп, аяқты нық басып жүреді, жүгіреді. Алдымен сылдырмақтың суретін көрсетіп, сұрайды: - <i>Менін қолымда әсем қобдиша бар. Ішінде не бар екенін көргілерің келе ме? Музыка жетекшісі сандықшаны ашады. Балаларға көрсетеді.</i> - Бұл не? Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі айтады. Балалар сандықшаны қызықтайды. Ішін ашады. Балалар «Сылдырмақ» деп жауап беруге тырысады. - Кәне, қазір бәріміз сылдырмақты қолға алып, сылдырлатайық. І. «Көңілді сылдырмақтар» әні (И.Сапарбай, А. Тоқсанбаев). Музыка жетекшісі әнді орындап береді. «Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ, Сөйлейтіндей былдырлап», - деген сөздер айтылғанда балалар сылдырмақты сылдырлатады. Ән алғаш рет орындалғанда балалар тыңдайды. - Ал енді сылдырмақты қолға алып сылдырлатайық, - деген кезде сылдырлатады. Әннің үшінші шумағында: «Балалар қайда кетті екен, Бұл маңайда жоқ па екен», - деген жерінде балаларға сылдырмақты алдарына қойып, екі қолымен бетін жабуды сұрайды. «Ортада әлі ойын бар, Кәне, шыға қойындар», - деген сәтте балалар сылдырмақты қолына алып, сілкілейді. - Кәне, бәріміз бірге «сылдырмақ» деген сөзді қайталайық. Бірге бастап бірге аяқтайық. Ал енді осы сылдырмақтармен ойын ойнайық. Мен сылдырмақты сылдырлатқан кезде сендер зал ішінде жүгіресіңдер, сылдырмақ сылдырлауын тоқтатқанда сендер де тоқтайсыңдар. Балалар әуенге қосылып сылдырлатады. Алғашқы екі қатар айтылғанда балалар күтеді. «Сылдыр-сылдыр» деген жерінде бәрі	Балалар музыка үнімен музыка залына кіреді. Музыка тоқтағанда балалар да тоқтайды. Келесі жеңіл музыка үніне ауысқанда балалар жүгіреді. Сандық Сылдырмақ Балалар сылдырмақты сылдырлатып ойнайды.
		Балалар сылдырмақты алып көрсетеді. «Ұнады» деп айтуға тырысады. Балалар көтеріңкі көңіл

	қосылып сылдырлатуға тырысады. Сылдырмақты қолдарына алып, қайтадан сылдырлатуға тырысады. Әннің соңғы шумағында сылдырмақты қойып, беттерін жабады. Балалар қуана ойынға шығады. Балалар «сылдырмақ» деп айтуға тырысады. Балалар сылдырмақтың дыбысымен жүгіреді, сылдырлатуын тоқтатқанда тоқтауға тырысады. 2-3 рет қайталанады.	
	- Сонымен, бүгін біз қандай ойыншықпен ойнадық, көрсетіңдері. Ойыншық сендерге ұнады ма? Іс- әрекет кезінде жақсы катысқан баланы атап өту. Ілесе алмаған бала да мадақтап, келесі жолы жақсы орындайтынын атап көрсетеді.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, есте сақтауды, әнді ілесе айтуды.

Игереді: музыка ырғағымен сылдырмақты ұстап сылдырлатуды.

Меңгереді: музыканы тыңдап, бірге қимыл жасай біледі, музыкамен ілесе ойнауға дағдыланады.

Тақырыбы: «Қуыршақпен билейміз»

Мақсаты: қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, қуыршақтың суреті.

Сөздік жұмыс: қуыршақ, әлди-әлди.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті	К үтіл етін нәти же:
	Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка жетекшісімен амандасады. Жеңіл музыка әуенімен жүгіреді. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды білезік буынынан қозғалтады. Әуенге ілесіп қимыл жасайды. Әуен тоқтағанда бірге тоқтау керек. - Бүгін бізге қонаққа Ақмарал деген қуыршақ келіпті. Ақмарал сендерді күте-кү Қазір мен ән айтайын, сендер тыңдаңдар. «Қуыршақпен билейміз» әні орындалады. «Ұйықтап жатыр дамылдап, Әлди, әлди, әлди-ай» - деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетіп, балаларды да тыныштық сақтауға шақыру керек. Қуыршақ ұйқыдан оянып, би билей бастайды. Ән қайталанып айтылғанда қуыршақ орнына өздері билейді. «Қол созыңдар, балалар, ля-ля-ля», - деген жерінде қолдарын шапалақтауды ұсынады. - Балалар, Ақмарал сендерді көңілді ойынға шақырып тұр. «Қуып жет» ойыны ойналады. Ақмаралды тәрбиеші көтеріп жүгіреді. Ойын керісінше қайталаңдар. -Бүгін бізге кім қонаққа келді? Ақмарал сендерге рахмет айтып отыр. Келесі жолы тағы да келіп, сендермен бірге ойнаймын деп отыр. Ақмаралмен қоштасайық, - деп қол бұлғап, балаларды шығарып салады. Балалар жауап беруге тырысады. Балалар қуыршақпен қоштасады.	Балалар музыка үніне ілесіп қадам жасайды. Амандасады. Жеңіл музыка үнімен аяқты жеңіл көтеріп жүреді. Қолдың басты буынынан бұрап қимыл жасайды. Қимылды әуенге ілесе жасайды.	Б іледі : музы каме н терб етілу ді, тын ышт ық сақт ауды білуі кере к. И гере ді: тыңд ауды , қайт алау ды, куыр шақт ы ұста уды.

Меңгереді: музыка үнімен бірге ілесе қимылдар жасауды, музыка тоқтағанда бірге тоқтауды, қуып жетуді, қашуды.

Тақырыбы: «Бала, бала, балапан»

Мақсаты: дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Бірғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.

Сөздік жұмыс: айналу, секіру, топылдату.

Оқу іс-әрекеті-нің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар көңілді музыка үнімен залға кіреді. Шеңбер бойымен қатарласып жүреді. Орындарында тұрып, қолды бұрап қимыл жасайды. Әуенмен бірге айналады, жеңіл үнді музыкамен секіреді. Әуен тоқтағанда бірге тоқтап, қимыл жасауды үйренеді. «Орындарында тұрып айналыңдар, денені көтеріп секіріңдер», - деп үйретеді.	Балалар шеңбер жасап жүреді. Әуенге ілесіп жүгіруге тырысады. Қолды буыннан бұрап қимыл жасауға талпынады. Орындарында тұрып айналуға, секіруге тырысады.
	Музыка жетекшісі балаларға суреттер көрсетеді. - Мынау не? - Қол. - Қолда саусақтар болады. Кәне, бәріміз қолымызды көрсетейік. Ал мыналар саусақтар. Саусақтар былай-былай қозғалады. - Ал мына суретте не бар? - Аяқ. Кәне, бәріміз аяғымызға қарайық. Аяқпен не жасауға болады? - Еденге топылдатып ұруға болады. - Қазір мен сендерге әдемі ән айтып берейін. «Бала, бала, балапан» әні (И. Нүсіпбаев, Ж. Смаков) орындалады. Әнді орындау барысында алдымен алақанды, содан соң саусақтарды әуенмен көрсетеді. Екінші шумағында «топ-топ басайық» деген сөзге келгенде аяқты әуенмен топылдатып, «жалаудан күн жасаймыз» деп, қолды жоғары көтеріп күн жасап,	Балалар сұраққа жауап беруге тырысады. Қолдарын, саусақтарын көрсетуге тырысады. Аяқтарына қарап, еденге топылдатуға тырысады. Балалар әнді тыңдап, ілесе қимылдауға тырысады. Аяқты топылдатып, қолды жоғары көтеруге талпынады. Музыка жетекшісімен

	«алтын күн» деген жерінде қолды жоғары ұстап аяқтайды. Ән бірнеше рет қайталанғанда балалардың қимылдары бір-біріне үндесіп, бірге жасауға үйренеді.	ілесіп, әуенге қосылып қимыл жасауға тырысады. Балалар қолдарын шапалақтауға, қолдарын жасыруға, топылдатуға тырысады.
--	---	--

	«Көңілді ырғақ» ойыны. Әуен ойналғанда балалар қолдарын шапалақтайды. Әуен тоқтағанда, қолдарын жасырады. Халық әні «Еркем-ай» әуені ойналғанда балалар аяқтарын топылдатады да, әуен аяқталғанда аяқтарын жасырып отыра қалады.	Әуен аяқталғанда аяқтарын жасыруға талпынады.
Рефлексия - лық- түзе- тушілік	Балалардан музыка үнімен қолдарын шапалақтауын, аяқтарын топылдатуын қайталап сұрайды. Музыкаға ілесіп қимыл жасап, көзге ерекшеленген балаларды атап өту, мадақтау.	Балалар шапалақтауды, топылдатуды еркін көрсетеді. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдай білуді. Қызығушылығы мен ынтасын арт- тыру.

Игереді: музыка әуенімен қолдарын, саусақтарын, аяқтарын көрсетуді игереді.

Меңгереді: музыка үнімен ілесіп аяқ-қолды қимылдатуға дағдыланады.

Тақырыбы: «Күз ырғағы»

Мақсаты: музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: жапырақтар, сәбіздер суреті.

Сөздік жұмыс: жапырақ.

Оқу іс- әрекеті- нің ке- зеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді. - Балалар күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.	Балалар кіреді, амандасады. Балалар күнделікті жаттығуын қызыға орындайды.
	«Қоян, қоян, тұра ғой, Бізбен бірге ойнай ғой», - деп әндетеді. Қоян: «Жаңбыр жауды тарсылдап. Су боп қалдым қалтырап. Айналада жапырақ. Қарным ашты қалжырап». - Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе? Қоян: «Рахмет сендерге, достарым. Мен сендерге «Жапырақтар» әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге билеңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. - Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын». Қолдарына екі жапырақтан береді. «Жапырақтар» әуенді-қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова). «Жапырақтар» әнін қимылды қозғалыспен үйренеді. Балаларды «Бала, бала, балапан» әнін қайталап айтуға шақырады. - Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді. «Сәбіздермен ойнаймыз» ойыны ұйымдастырылады. Қоян: «Мен сендерге сәбіздерімді бір- бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер. Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып	Балалар қоянның қасына жакындап, әуенмен кайталап айтуға тырысады. Қоянның әуенін тындайды, аяйды. Қолынан ұстап, бірге шеңбермен жүреді. Балалар жапырақты алып, қимылдыәуен ырғағымен қайталауға тырысады. Балалар әнді айтып, еркін қимылдауға талпынады. Балалар әуенге ілесіп айтуға талпынады. Балалар сәбіздерді алып, музыкамен секіріп көрсетеді, ал музыка тоқтағанда жасырып

	қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын». Ойын 2-3 мәрте қайталанады.	қалуға тырысады.
Рефлексивтік түзетушілік	- Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма? - Қоян нені жақсы көреді? Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.	Балалар жауап беруге талпынады. Балалар қуана топтарына кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек. Игереді: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді. Меңгереді: музыкаға ілесе отырып, қимыл-козғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр»

Мақсаты: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Күн, бұлт суреттері, қолшатыр.

Сөздікжұмыс: күн, жаңбыр, қолшатыр.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: «Күннің көзі күлімдеп, Бізге қарай ашылды. Жылуымен жылытып, Шуақтары шашылды».	Балалар қатармен келіп тұрады. Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды.
	Жетекші: - Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады.) Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі. - Балалар, мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін.	Балалар жауап береді. Балалар жаңбыр даусын естіп, таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды. Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады.
	Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. - Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады. (Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады). «Жапырақтар» (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады. «Күн» (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма). «Жаңбыр» (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.	Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді, жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады, жасырынуға талпынады. Балалар әнді еркін қимылдап айтуға талпынады. Балалар тыңдап, ойнауға тырысады.
Рефлексиялық-түзету-шілік	- Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.	Балалар Күнге қол бұлғап, көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.

Игереді: музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.

Меңгереді: көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

Сөздік: алма, алмұрт, қияр, сәбіз, тәтті, қатты.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдеседі. Шенбер бойына шақырады.	Балалар залға кіріп, сәлемдеседі.
1	«Жүгіреміз, жүреміз» (Г.Абдрахманова) әуенді кимылымен жүруге шақырады. Балаларды отырғызып, дайындалған сурет, муляждарды көрсетеді, ұстатады, қандай жеміс екенін сұрайды. «Жемістерді тереміз, Көкөністі жинаймыз. Алақай-ау, алақай, Күзгі бақта ойнаймыз», - деп әндете балаларды қызықтырады.	Балалар ілесе жүгіруге талпынады. Жайғасып отырады. Муляждарды ұстап көреді, қызығады, атап айтуға тырысады. Қызығады, әнді тыңдайды.
	Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді. Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма - ля-ля-ля, Алмұрт - ля-ля-ля, Қияр - ля-ля-ля, Сәбіз - ля-ля-ля» деп айтқызып үйретеді. Созылатын «ал» деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді. «Жемістер мен көкөністер» әнін айта жүріп, кимылдауға үйретеді. Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз, саусақтармен би билеп, айналамыз» деп, әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды. «Келіндер, келіндер, Ойын ойнап көріндер. Жемістерді шашылған, Жылдам жинап беріндер».	Балалар әнді есіне түсіріп, тыңдауға тырысады. Балалар әнді қосыла айтуға тырысады. Созыңқы айтуға талпынады. Көңілді күліп айтады. Балалар жетекшіге саусақтарын көрсетіп, айналып, отырып жинауға, салуға тырысады (кұралдарды ұстамай, қимыл арқылы көрсетеді). Балалар әнді есіне түсіріп айтуға тырысады. Балалар ойынға белсене қатысып, жемістерді жинайды.
	- Балалар, қараңдаршы, жемістер мен көкөністер шашылып кетіпті. Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп, екі себетке салайық. «Жемістер мен көкөністі ажырат» ойыны. Әннің мәтініне ілесе отырып, қызыл	Жемістерге, көкөністерге мұқият қарап, ажыратып салуға, әуенді тыңдай

	себетке жемістерді, сары себетке көкөністерді салып беріңдер. (себеттерді түспен белгілеу - қызыл себет және сары себет). Музыка ойналады, балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді.	жүріп жинауға талпынады. Балалар әннің мәтінін түсінуге тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, сендерге ән ұнады ма? Жемістерді жылдам атап беріңдерші? Көкөністерді кім атап береді? Серуенге шыққанда, топта өткен әндерді, ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды, мадақтайды.	«Ұнады», - деп жауап беруге талпынады. Балалар жарысып айтуға таласады. Балалар көңілдене қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.

Игереді: жемістерді, көкөністерді музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды, тыңдауды игереді.

Менгереді: әнді айтып, мәтініне қарай қимылдарды қайталап, эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

Тақырыбы: «Менің мысығым»

Мақсаты: әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ойыншық мысық, сүт құятын табақ, мысық пен мысықайдың суреті.

Сөздік жұмыс: мысық, мысықай, «мияу-мияу».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Көңілді әуен ырғағымен музыка жетекшісі балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді. Қарандаршы, қандай әдемі мысық! Кәне, кәне, тұрайық, Шеңберді құрайық;. Ала мысықпенен Біз де танысайық, - деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып, керіліп. Беті-қолын жуады. Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, балаларға қайталауды ұсынады.	Балалар кіріп, көңілді амандасады. Ала мысықты көріп таңданады, ұстап, сипап көреді. Такпактың мәтініне сай қимылдарды жасауға талпынады. Екі қолдарымен мысықтың құлақтарын көрсетеді, қолдарын жоғары созып, керіледі, беттерін, қолдарын жуған болады.
	- Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! - деп шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Билейміз» әуені (Е. Андосов) орындалады. «Ала мысық айлалы, Дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды. Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып: - Мен ән айтып берейін. Ала мысық та сендермен бірге ән тыңдасын, - дейді.	Шеңбер бойымен аяқты көтере басып, мысық жүрісін көрсетуге талпынады. Мияу-мияу! - деп куана жауап береді. Кілемге жайғасып, әнді ынта қойып қызыға тыңдайды.
	«Мысық» әні орындалады (музыкасын жазған Б.Дәлденбай, сөзін жазған Ж.Әбдірашев). Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу-мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды. - Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады. «Мысық пен Мысықай» ойыны ойналады. Мысық және мысықай дауыстарын салған» балаларды мадақтайды.	Ән шумақтарындағы сұрақтарға «мияу-мияу» деп әндете жауап беруге тырысады. Балалар ұйымдасқан түрде шеңбер бойымен тұрады. Ойынды қызығып, көңілді ойнайды. Мысықтың және мысықайдың дауыстарын салуға тырысады.

Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, ала мысық қалай дыбыстайды екен? Ойын сендерге ұнады ма? - деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендерді ұнатыпты. Ол бізге тағы қонакка келмекші. Мысықпен қоштасайық! - деп, балаларды шығарып салады.	Балалар қуанып, жауап беруге тырысады. Көңілденіп, қол бұлғап қоштасып шығады.
--------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.

Игереді: ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс-әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.

Меңгереді: ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс-әрекеттерді көрсетеді.

Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек»

Мақсаты: ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағы- мен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: орман көрінісін бейнелейтін декорациялар, қоян, түлкі ойыншықтары, балалар санына сәйкес қоян атрибуттары.

Сөздік: сұр қоян, ұзын құлақ, түлкі.

Оқу іс- әрекеті- нің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация лық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш» (Е. Андосов) ойналып, «Біз көңілді баламыз, Орманға бірге барамыз» - деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады. Әуен аяқталғанда: «Міне, орманға да жеттік», - деп тоқтайды. Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай, таңданып: - Балалар, қараңдаршы, мұнда отырған не, білесіңдер ме? - деп сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Балалар таңырқап, қызыға қарайды. «Бұл қоян», - деп жауап береді.
	- Бұл көңілді сұр қоян екен. Ойыншық қоянды қолына алып: «Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізге мен тоямын. Қыста жейтін азықты, Күзден жинап қоямын», - дейді. - Балалар, қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, - деген ұсыныс айтады. «Қояндар» (Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады. -Жарайсындар, балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін, сендер де тыңдаңдар. «Сұр қоян» әні (музыкасын жазған А.Филиппенко, өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады. Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды	Балалар қоянды көріп, қуанады. Балалар жеңіл секіріп, қоянның қимылын көрсетуге тырысады. Әуен ырғағына ілесе жеңіл секіріп, көңілденеді. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады. Балалар жеңіл секіреді, қоянның құлақтарын қолдарымен

	көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады. Жетекші орындық артында жасырылған ойыншықтүлкіні алып көрсетеді: «Жүрген жері күлкі, Бізге келді түлкі».	көрсетеді. Түлкіге назар аударып, қызығушылық танытады.
	Түлкінің дауысын салып: «Кел, сұр қоян, тойлайық, Балалармен ойнайық», - деп, балаларды ойынға шақырады. «Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. Педагог - түлкі, балалар - қояндар рөлінде (атрибуттар киеді). Музыка жетекшісі ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар!» - деп ескертеді.	Балалар қуана келісіп, көңілді ойнайды. Балалар-қояндар ойынға көңілді қатысады. Түлкіге ұсталмауға тырысады, жеңіл жүгіріп, шығыршықтарға кіріп жасырынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Түлкі-педагог: - Ракмет, балалар! Маған көңілді болды. Қоян-музыка жетекшісі: - Балалар, сендер тез жүгіріп, секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар! Мен сендерге тағы да қонаққа келемін, сау болыңдар! - деп балалармен қоштасады.	Балалар қуанып қол шапалақтайды. Қол бұлғап көңілді қоштасады, қол ұстасып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: әуен ырғағымен секіру, жеңіл жүгіру, би қимылдарын қайталап көрсете білуі керек.

Игереді: қоян, түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі, іс-әрекеттерін көрсете алады, әннің сөзін, әуенін қайталап айтады.

Меңгереді: қосаяқтап секіреді, тез әуенге ілесе жүгіреді, қуып жетеді, ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

Тақырыбы: «Күшігім менің»

Мақсаты: әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту.

Қолданылатын корнекі құралдар: ойыншық күшік, күшіктің үйшігі, 3-4 шығыршық (обруч).

Сөздік жұмысы: күшік, Саққұлақ, үйшік, құрсау.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар көңілді әуен ырғағына еркін би кимылдарын жасайды. Әуен аяқталып, музыка жетекшісі «үйшіктің» жанына келеді. - Балалар, қандай әдемі үйшік! Үйшік ішінен педагог күшік дауысын салып, «әуп-әуп» деп дыбыстайды. Музыка жетекшісі: - Бұл үйшікте күшік тұрады екен. Күшікті үйшіктен шығарып алып, балаларға көрсетеді.	Көңілді ырғаққа өз еріктерімен еркін билеп, қуанады. Балалар таңғалып, әрі қарай не болатынын асыға күтеді. Дауысқа елендеп, таңырқап, үйшікке жақындайды. Балалар күшікке қызыға, таңырқай қарайды.
	- Балалар, қараңдаршы, сендер мұны танысыңдар ма? Бұл күшіктің аты - Саққұлақ. «Саққұлақ, Саққұлақ, Бірге ойнайық шащылап», - деп балаларды ортаға шақырады. «Ал Саққұлақ, келе гой. Жүгірейік, ере гой!» Балаларға бірге жүгіруді ұсынады. «Аяқты тез-тез басайық, Саққұлақтан қашайық!» - деп, балаларды күшікпен бірге қуалай жөнеледі. - Жарайсыңдар, балалар, тез жүгіре алады екенсіңдер! Енді отырып демалайық. «Кішкентай күшік Саққұлақ Қалай-қалай үреді?» - деп әндете сұрап, балаларды күшік дауысын салуға икемдейді, дауыстарын бақылап, мадақтайды. - Балалар, күшігімізді қуантып ән айтып берейін, сендер де бірге тыңдаңдар, - деп, ән тыңдауға шақырады.	Күшікті қуана қарсы алып, қол шапалақтайды. Балалар ортаға шығып, күшікке жақындайды. Балалар әуен ырғағымен бірге жүгіруге талпынады. Тез жүгіріп, «күшіктен» қашып, жеткізбеуге тырысады. Балалар кілемге жайғасып отырып, демалады. Балалар: «Әуп-әуп» - деп көңілдене, күшік дауысына еліктеп, қайталауға машықтанады.

	«Күшігім» әні (сөзін жазған Т.Исалиев, әнін жазған М.Ерімбетов) орындалады. «Алақай-ау, алаңай, Кел, ойнайық,, балаңай!» - Балалар, келіндер, Сакқұлақпен көңілді ойын ойнайық. Музыка жетекшісі «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. («Үйшік» орнына 3-4 шығыршықты қояды). «Шеңбер болып жүрейік, Әуен тоқтап қалғанда Үйшікке біз кірейік», - деп, балаларға ойын шартын көрсетіп, үйретеді. Ойын 2-3 рет қайталанады.	Әнді ынталана тыңдауға талпынады, көңілдері көтеріле түседі. Ән мәтініне сәйкес қимылдарды қайталауға дағдыланады. Балалар ойынды шаттана қабылдайды. Ойынға қызығушылықтары арта түседі, белсене катысады. Балалар шеңбер бойымен жүреді. Әуен тоқтағанда шығыршықтардың ішіне жүгіріп кіріп үлгеруге тырысады.
Рефлексиялық- түзету	- Балалар, сендерге күшікпен ойнаған ұнады ма? Келіндер, Сакқұлақ күшігімізді сипап, еркелетейік. Сакқұлақ әдемі, ақылды күшік екен. Балалар, күшігіміз енді демалсын, үйшігіне баруға көмектесейік. Күшікпен коштасып, тобымызға барайық, - деп балаларды шығарып салады.	Балалар «иә» деп жауап береді. Күшікті ұстап көріп, басынан сипап, қуанады. Музыка жетекшісімен бірге күшікті үйшікке жеткізіп, кіргізіп, қол бұлғап коштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шеңбер жасап тұру, қол ұстасып жүру, әуенге ілесе жүгіру, көрсетілген қимылдарды қайталап көрсете білу керек.

Игереді: ойыншық күшік Сакқұлақпен танысуды, шығыршық, үйшік аттарын есте сақтап ұғынуды.

Меңгереді: күшік даусын салады, шақыра біледі, бірге ойнайды, ән мәтініне сай қимылдайды.

Тақырыбы: «Қонжық пен көжек»

Мақсаты: балаларды қуыршақ ойыны арқылы көңіл күйлерін көтеріп, есту, тану, еліктеу сезімдерін қалыптастыру, үйренген әндерін бекіту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үстел үсті қуыршақ театрының ширмасы, ойыншық қонжық пен қоян. Сөздік жұмыс: қонжық, қоян, көжек.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларға қоңырау үлестіреді. «Қоңырауды соғайық, Үнін естіп алайық», - деп ұсыныс жасайды. Кішкентай шырша жанына барып, қоңыр қонжықты ұйқыдан оятып алуға шақырады. «Әлдеқашан таң атты Ұйықтап жатқан қонжықты Қоңыраулар оятты», - деп қоңырауларын соғуды сұрайды «Қоңыраумен би» (Е. Марченко.) Қонжық ойыншықты алып: «Міне, қонжық ұйқысынан оянды. Кәне, балалар, хал-жағдайын сұрайық.	Балалар қоңырауларды алып, сынғырлатып соғуға кызығады. Бәрі бірге қоңырау соғып, қонжықты оятуға тырысады. Балалар қонжықты қызықтап карап, назар аударады. Қонжықпен амандасады.
	Музыка жетекшісі балаларға қонжықты ұстап, сипап көруге мүмкіндік береді. Балалардан «Қонжықтың мұрны, құлағы, аяғы, көзі қайда?» - деп сұрап, көрсетулерін талап етеді. Қонжыққа арнап «Қоңыр қонжық» (Т.Сарыбаева) әнін орындап, тыңдауларын сұрайды. Әнді екінші рет қайталап орындап, қонжықтың іс-әрекетін бірге жасауды сұрап, қадағалайды. Ширма ішінен қоңырау даусы естіледі. Музыка жетекшісі ширма ішінен алып ойыншық қоянды көрсетеді.	Қонжықты ұстап, сипап, қызыға қарайды. Қонжықтың дене мүшелерін қолдарымен дәл көрсетуге тырысады. Балалар әнді тыңдап, қонжықтың қимылдарына, қозғалысына еліктеп қайталайды.
	- Балалар, қараңдаршы, бүгін қонакқа қонжықтың досы көжек келді. Кәне, көжекпен амандасайық. «Көжек - қоянның баласы» деп түсіндіреді. - Көжек қалай секіреді? Құлағы қандай? - деп сұрайды. Балаларға ойын-жаттығу ұсынады. «Қонжық және көжекпен Ойын ойнап көрейік. Достарымыз қуансын, Тату болып жүрейік», - деп, ойынға шақырады. «Қоңыр атҚорбаңбай» әуеніне (музыкасын жазған Б. Дәлденбай) қонжық жүрісін көрсетеді. «Қояндар» (Ломова) әуеніне ойын ойналады.	Балалар көжекте қуана қарсы алып, сәлемдеседі. Әуенге ілесе секіреді, саусақтарымен қоянның құлақтарын көрсетеді. Балалар әннің мазмұнына сай қимылдар жасап, әнге қосылуға тырысады. Балалар ойынды көңілді қабылдайды, бірге қуанады.

Рефлексия-лық-түзетушілік	- Балалар, қонжық пен көжек сендерге риза болып, қатты қуанды. Сендер бүгін жақсы билеп, ойнадыңдар. Жарайсыңдар! - деп мадақтайды.	Балалар қол бұлғап, қонжықпен, көжекпен қоштасып шығады.
---------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге ілесіп жүруді, жүгіруді, жеңіл секіруді білуі керек. Игереді: ырғақпен қоңырауды соғуды, қонжық пен көжек туралы түсінікті.

Меңгереді: әуенге ілесе бір орында айналады, қоянның қимылдарын көрсетеді, тез, жеңіл секіреді, көпшілікпен бірге ойнайды, шаттанады.

Такырыбы: «Қараңдаршы далаға»

Мақсаты: көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: кішкентай шырша, ойыншықтар, қар.

Сездік: аппақ қар, шырша.

Мотивациялық қозғаушылық	«Келіндер, келіндер, Дәлдеп ұрып көріңдер». «Дәлдеп үр» ойыны. Жетекші балаларды екі топқа бөліп, бірін бірі дәлдеп ұруды үйретеді. Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды. - Ал, балалар, балалар, секіріңдер ойнандар, тізе бүгіп кезек-кезек, кол шапалақтаңдар. Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады. Әуенді тыңдап, қосыла қимылдар жасауға талпынады, секіреді, тізе бүгеді, кол шапалақтайды. - Балалар, қараңдаршы, біз қайда келдік? Қандай әдемі шыршамыз, шыршада ойыншықтар бар екен. «Шыршамыз, шыршамыз, Ән тыңдайық бәріміз». «Жасыл шырша» әні (музыкасы К.Қуатбаев, сөзі К.Шалқаров). Педагог қолына ақ қар алып, шырша артынан домалатады. - Балалар, мынау не домалап келген? (Қолына алып). Егерде ән салып берсеңдер, қар сендерді орманға алып барамын дейді, ол жақта қар көп жауыпты, - деп, балаларды әндете шыршаның қасына шақырады. «Қаршақыз бен балалар» (музыкасы мен сөзі Г.Абдрахманова). «Келіндер, келіндер, Аппақ қарға жетіндер», - деп, балаларға қарларды ұсынады. Әнді айтып, би қимылдарын көрсетеді, үйретеді. Балаларға шырша түбіне барып, аппақ қарды жинауды ұсынады. «Қолымызға ұстайың, Жинайықшы тездетіп», - деп, шырша түбінде шашылған қарларды музыка ырғағымен жинауды үйретеді. - Балалар, аппақ қар бізді «Дәлдеп үр» ойынына шақырып гур. Балалар мұқият қарайды. Шыршаны айнала жүреді. «Шырша» әнін тыңдайды. «Қар», - деп жауап беруге тырысады. Балалар шыршаның қасына келіп, қарды ұстап көреді. Балалар әуенді тыңдап, билеуге тырысады. Балалар әнді көңілдене тыңдайды, шыршаға жақындап, шашылған қарды музыкамен жинауға тырысады.	Балалар бірін бірі дәлдеп ұруға тырысады. Әнді ынталана тыңдауға талпынады, көңілдері көтеріле түседі. Ән мәтініне сәйкес қимылдарды қайталауға дағдыланады. Балалар ойынды шаттана қабылдайды. Ойынға қызығушылықтары арта түседі, белсене қатысады. Балалар шеңбер бойымен жүреді. Әуен тоқтағанда шығыршықтардың ішіне жүгіріп кіріп үлгеруге тырысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	- Балалар, сендер керемет ән айттыңдар, биледіндер, әсіресе шырша түбіндегі аппақ қар сендерге қатты риза болды. Келесі жолы тағы да қайталап, ән саламыз, билейміз. Ойын ойнаймыз. Сау болыңдар!э	Балалар ризашылығын білдіреді. Қоштасады.

Күтілегін нәтиже:

Білуі керек: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай білуі керек.

Игереді: музыка ырғағымен аппақ қарды ұстауды, лақтыруды, дәлдеуді игереді.

Менгереді: қолдарын еркін қимылдату, жинау, отыру, жүгіру, жүру, тұру дағдыларын менгереді.

Тақырыбы: «Шырша мен ойыншықтар»

Мақсаты: музыканы сезіну және «төмен», «жоғары» дыбыстарды айту.

Сөздік: мияу, шик-шиқ, әуп-әуп.

Оқу іс- әрекеті- нің ке- зеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация лық қозғаушылық	Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз» (Г.Абдрахманова) әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады. Үстел үсті театры арқылы шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға тақпақ айтады. Тауда туып, тауда өскен Шырша келді ортаға. Әдемілеп біз ілген Ойыншықтар тізілген. «Қаршақыз бен балалар» (Г.Абдрахманова) әнін қайталауын сұрайды. (Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды ұстап айтады.) «Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев, сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді. 1-шумағында шыршаны айналады. 2-шумағында жақындайды. 3-шумағында алақанды шапалақтайды, қол көтереді, билеп үйренеді. Жетекші балаларға шыршада ілінген ойыншықтарды көрсетеді. «Мысық, торғай, күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?» - деп сұрайды. Мысық қалай дыбыстайды? Торғай қалай дыбыстайды? Күшік қалай дыбыстайды? Егерде дұрыс дыбыстасандар, ойыншықтар ілініп тұрады. Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді. «Ойын ойнап көрейік, Жүгірейік, жүрейік. Егер қасқыр ұлыса, Жылдам ңашып кетейік», - деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды. «Ненің даусы?» ойыны. – Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз, торғай болып шикылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп, орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар әнді мұқият тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жакындайды. Шапалақтауға тырысады. Ойыншықтарға карап, жауап береді. Мысық Мияу-мияу Шик-шиқ	Балалар амандасады, жайғасады. Балалар шыршаға қарайды, таңғалады. Шыршаны, ойыншықтарын көрсетеді.

	Әуеп-әуеп Балалар ілесе жүріп, қасқырдың ұлыған даусын естіп, тығылуға тырысады. «Мияу», «шик-шик», «әуеп-әуеп» дыбыстарын айтуға талпынады.	
--	---	--

	- Балалар, бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер. Келесі жолы тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар! - деп мадақтайды.	Балалар қуана қоштасады.
--	---	---------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.

Игереді: жасырынуды, кашуды, алдауды.

Меңгереді: жүгіруді, отыруды, тұруды.

Тақырыбы: «Қаршақыз бізде конакта»

Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.

Сөздік: Аязата, Қаршақыз.

Оқу іс- әрекеті- нің ке- зендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация лық қозғаушылы қ	Музыка жетекшісі топқа барып амандасып, балаларды қуыршақ театрына шақырады. Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады. - Балалар! Балалар! Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым - Қаршақыз! - Ой, мынау кандай әдемі шырша, ойыншықтарының жалтырауын-ай! (Шырша жанып, айналатын болуы керек.) Қаршақыз: - Кәне, шыршаға шапалақ соғайық, аяғымызды топылдатайық. Қаршақыз: - Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме? «Жасыл шырша» (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған К.Шалқаров.) -Әнін бәріміз айтайық, ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз: - Рақмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін, ал сендер тыңдаңдар. Ән: «Қаршақыз бен балалар» (сөзі мен музыкасын жазған Г. Абдрахманова). Қуыршақ-Аязата сөйлеп шығады: - Балалар! Балалар! Айналайын балалар, Өлең, тақпақ айтыңдар, Маған билеп берсеңдер, Сыйлығым бар сендерге! Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз, Аязата, ля-ля-ля! Қайталатады. «Лили-полька» (Ген Чу) шығармасына бәрін жұптасу биіне шақырады. Педагог балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді. Қаршақыз: - Балалар, сендерге көп-көп рақмет, енді біз орманға Балалар шыршаға қарайды, таңғалады. Шыршаны, Балалар шыршаға қарайды, таңғалады. Шыршаны, ойыншықтарын көрсетеді.	Балалар залға кіреді, амандасады. Балалар амандасады. Балалар күледі, қуанады. Жанған шыршаға шапалақ соғады, топылдатады.

ойыншықтарын көрсетеді.кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз. Аязата: - Қош-сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, сыйлық әкелемін. Ал бүгін сендерге көп қар сыйлаймын, - деп, қар беріп кетеді. Музыка жетекшісі: «Ойнаймыз, ойнаймыз, Жаңа жылды тойлаймыз». Балалар «білеміз» деп, есіне түсіреді, айтуға тырысады. Балалар Қаршакызға қарап, әнді тыңдайды, қайталайды. Балалар: «Айтамыз, айтамыз, Би де билей аламыз. Кәне, кәне сыйлығың, Алайықшы бәріміз». Аязата, ля-ля-ля, Аязата, ля-ля-ля. Бірге билеп, аяқтарымен, колдарымен қимылдауға тырысады. Балалар қол бұлғап қоштасады. Балалар қарды алып қуанады,ойнауға тырысады. - Балалар, сендерге кім келді? Педагог екеуі «Қарыспак» ойынын ұйымдастырады, ойнауға үйретеді. - Жарайсыңдар, балалар! - деп мадақтайды. Аязата, Қаршакыз	
--	--

Біледі: әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.
Игереді: шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.
Меңгереді: шеңбермен жұптасып жүруді.

Тақырыбы: «Кел, балақан»

Мақсаты: ырғақты сезінуге, «жай және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бала санына сай сылдырмақтар, 6-7 шығыршық (обруч).

Сөздік жұмыс: жай-жай, шарт-шарт, топ-топ, тақ-тақ.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Үнтаспада көңілді әуен ойналып, музыка жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады. «Кәне, кәне, тұрайың, Шеңбер жасап құрайық! - деп, шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады. Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп, балаларға ұсынады. Өз беттерімен еркін қимылдап, сылдырлатуға ерік береді, қадағалайды, мақтайды. «Сылдырмақты сылдырлат, Аяғыңды нықтап бас!» - деп, балаларды нықбасып жүруге үйретеді. Қимылдарын көрсетіп, қайталауды ұсынады. «Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман», өндеген К.Қуатбаев) «Сылдырмақты аламыз, Қорапшаға саламыз», — деп, балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға дағдыландырады. «Кел, балапан, кел енді, Ән тыңдайық біз енді», - деп, ән тыңдауға шақырады. «Кел, балақан» әнін (сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап, педагог әннің мәтініне сай жай және қатты шапалақтап, аяқты жай басуды, топылдатуды көрсетіп, балаларға бірге қайталауды ұсынады. Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп, ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі. Музыка жетекшісі: «Босқа қарап тұрмайық,, Кел, балапан, ойнайық! - деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Елті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне	Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп келіп, шеңбер жасап тұруға талпынады. Сылдырмақтарды алып, зал ішінде еркін сылдырлата жүреді, көңілденеді. Әуен ырғағымен аяқтарын нық басып жүруге талпынады. Балалар сылдырмақты жоғары көтере қозғайды, ақырын тізеге, алақанға соғады, айналады. Жүгіріп келіп сылдырмақтарын қорапқа салуға тырысады.

	тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Шығыршықтарға бөлініп, топтасуларын қадағалайды. Балалар әнді зейін қойып тындайды, көңіл күйлері көтеріледі. Ән мазмұнын түсініп, жай, қатты қол шапалақтауға, аяқтарын ақырын топылдатуға тырысады. Ырғақты тыңдай жүріп қимыл жасайды, жеке сөздерді қайталайды, үйренеді. Ойынға көңілді қатысып,қызығушылықтарыартады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетугетырысады. Шығыршық ішіне үлгеріп кіріп, шаттанады. Балалар, бүгін жаксы билеп, ән айттыңдар. Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық? - деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды. Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды. Балаларды мактап, мадақтайды. Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді. Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.

Игереді: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп, игереді.

Меңгереді: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

Тақырыбы: «Көңілді пойыз»

Мақсаты: ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: паровоз макеті, «қар үйіндісі», ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі.

Сөздік жұмыс: паровоз, пойыз, «пыш-пыш», «пух-пух», «у-у-у».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Үнтаспада «Қуырмаш» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады. - Балалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады, - деп түсіндіреді. - Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді. «Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.	Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады.
	«Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух-пух, Ән айтып біз қостайық», - деп, «Пойыз» әнін (музыкасы К.Қуатбаев, сөзі Ж.Смақов) орындайды. Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді. Ән аяқталысымен балалар «Көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда Музыка жетекшісі «Көңілді пойызға»	Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып, қимылдарды қайталауға тырысады. Балалар екеуден қол ұстасып, «қысқы орманды» аралайды.
	қоштасады.	

Білуі керек: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді: пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді: сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру).

Тақырыбы: «Әжемiзде қонақта»

Мақсаты: әндi тыңдауға және әуенге жеңiл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезiмiн ояту.

Қолданылатын корнекi құралдар: әженiң үйiнiң көрiнiсi, ойыншық күшiк, лак, мысық, қозы, күшiктiң үйшiгi.

Сөздiк жұмыс: күшiк, мысық, лак, қозы, құлыншақ.

Оқу iс- әрекетi- нiң кезеңдерi	Музыка жетекшiсiнiң iс-әрекетi	Балалардың iс-әрекетi
Мотивациял ық қозғаушылы қ	Балаларды көңiлдi әуен ырғағымен карсы алып, «Әжемiзге қонаққа барамыз», - деп түсiндiредi. - Құлыншаққа «мiнiп», тез жетейiк, - деп ұсынып, «Құлыншақ» әнiнiң	Көңiлдi әуенмен қуанып, «күлыншақша» шауып, шеңбер бойымен жүгiредi. Ән аяқталғанда тоқтайды.
	ырғағымен құлыншақ жүрiсiн салып, «жолға шығады». Ән аяқталғанда тоқтап, «әженiң үйiне келгендерiн» айтады. Әже-педагог балаларды карсы алады. Әженiң «үй жануарлары» - ойыншықтарды (мысық, күшiк, лак, қозы) көрсетiп, атын айтып, дыбыстарын салып берулерiн сұрайды.	Әженiң үйiне келiп, амандасады. Балалар жануарларды атап айтып, дыбыстарын салып, көңiлденедi.
	Әже : - Балаларым, менiң күшiгiм туралы ән бiлесiңдер ме? Ән тыңдайын, айтып берiңдершi. «Күшiгiм» әнi орындалады (музыкасы М.Ерiмбетов, сөзi Т.Исалиев). -Рақмет, балаларым! Ал менiң ала мысығым туралы не бiлесiңдер? Музыка жетекшiсi: Тiкiрейiп құлагы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып, керiлiп, Бетi-қолын жуады, - деп өлеңдi айтып, кимылмен көрсетудi сұрайды. Музыка жетекшiсi балалардың қозы, лак туралы да ән бiлетiңдерiн айтып, балаларды «Лағым» (музыкасын жазған Д.Ботбаев, сөзiн жазған А.Асылбек) әнiн айтуға шақырады. Музыка жетекшiсi балаларды әженiң үй жануарларымен ойынға шақырады. «Анасын тап» дидактикалық ойыны ұсынылады. Берiлген суреттегi жануарлардың төлiн тауып, көрсетулерiн қадағалайды.	Балалар әндi қосылып айтуға тырысады. Ән мәтiнiне сәйкес қимылдарды көрсетедi. Шеңбер бойымен тұрып, мысықтың iс-әрекеттерiн, кимылын көңiлдене көрсетедi (құлағын, керiлгенiн, жуынганын). Балалар әндi накышына келтiре айтуға тырысады. Әуенге iлесе мәтiнге сәйкес лақтың қимылын көрсетедi. Балалар ойынды шаттана қабылдайды, төлдердi өз енесiне «тауып беруге» тырысады.
	- Балалар, сендерге әжемiздiң үйiндеунады ма? Кәне, төлдермен қоштасайық, - деп балаларға ойыншықтарды ұстап, сипап көруге мүмкiндiк бередi. Әже балаларға алғыс айтып, шығарып салады. Жақсы, белсене араласқан	Балалар «иә» деп жауап бередi. Төлдердi ұстап көрiп, сипап, қуанады. Әжеге рақмет айтып, қоштасып, көңiлдi

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қол ұстасып жүру, әуенге ілесе жүру, көрсетілген қимылдарды қайталау, әннің жеке сөздерін қайталау.

Игереді: әже туралы біліп, төлдерді еске түсірді.

Меңгереді: төлдердің дауыстарын салады, шақыра біледі, бірге қуана ойнайды, шеңбермен жүруді, ән мәтініне сай қимылдауды біледі.

Такырыбы: «Желбірейді жалауша»

Максаты: ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті жалаушалар, паровоз макеті.

Сөздік жұмыс: жалауша, «бір-екі», «пш-пш», «у-у», «гу-гу».

Оқу іс- әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Ұнтаспада «Бақытты балалық шақ» әні (музыкасын жазған С.Қалымов, сөзін жазған И.Исабаев) ойналып, балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады. «Жалаушамен келеміз, Біз көңілді жүреміз», - деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. «Жалауша» әні (музыкасын жазған А.Токсанбаев, сөзін жазған И.Сапарбаев). Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Әнді орындап, шумақ сонында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді. «Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», - деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады. Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев, сөзін жазған Ж.Смақов) әнін орындап, педагог мәтінге сәйкес қимыл- қозғалыстарды көрсетеді, балалардан қайталауды сұрайды. Ән аяқталысымен «пойыздан» түсіп, балаларды қыдыруға шақырады. «Бақытты балалық шақ» әні ұнтаспада қайта ойналып, балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге» - зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. Ән шумақтары орындалғанда жалаушаны қозғай жүреді, «бір-екі» деп қосылып айтады. Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады. Орындық-вагондарға отырып, ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады. Балалар қол ұстасып, зал ішінде өз беттерінше «серуендеп» жүреді. Музыка жетекшісі: - Балалар, пойыз қалай жүреді? Паровоз қалай тоқтайды? - деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады. - Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер, менің сендерге сыйлығым бар! - деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді. «Тізбектеліп тұрайық, Вагондарды құрайық, Енді топқа барайық!» - деп, балаларды шығарып салады. «Пш-пш», «пух», - деп пойыздың дауысын салуға талпынады. Балалар сыйлық- жалаушаларды алып, қуанады. Қатарға тұрып, тізбектеліп ұстасып, залдан шығады.	Балалар өз қалауларынша би қимылдарын жасап, көңіл көтереді. Ұнаған түсінен жалаушалар таңдап алып, балалар тізбектеліп, нық басып жүруге талпынады.

Ұйымдастыру шылық іздегіліктік	«Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі. Музыка жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұсынады.	

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: әнді қосылып айта, ырғақпен қозғалу, қимылдарды қай- талай білуі керек.

Игереді: нық басып жүру, ойын шарттарына сай қимылдау.

Меңгереді: жалаушаны ұстап билейді, дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты: музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.

Қолданылатын көрнекі құралдар: асық, қамшы, әже суреті, қазан.

Сөздік жұмыс: еркем, наурыз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды: «Еркем әнім, ертеңім, Елжіреткен көркемім. Ертеңіме ертегі Шежіремді үйретемін, - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті.	Балалар амандасады, отырады. Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды.
	Музыка жетекшісі: - Ал балалар, балалар, Шеңберге тұра қойыңдар. «Кел, балақан» әнін айтып, Қайталайық, балалар. (Қаңтар айындағы әнді қайталауға ұсынады.) Әже қолындағы қоржынымен кіреді. - Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге «Наурыз келді» (музыкасын жазған Н.Дүкенбаев, сөзін жазған Қ.Смағұлов) әнін орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады, «далама, қалама, балама» сөздерін қайталауды үйретеді. Әже: - Балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерін бар? Музыка жетекшісі: - Біздің ұлдарымыз «Шабандоз» биін үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді. Әже: - Онда қыздарым маған келсін, мен оларға «Қамажай» биін үйретейін. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді. Әже: - Мен сендерге қазан алып келдім, асықтарыңды қазанға салыңдар, әуенмен шабасыңдар, тоқтағанда бір- бірден аласыңдар. - Сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Наурыз келді» әнімді қайталап жүріңдер. Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды.	Балалар ілесе шеңберге тұрып, «Кел, балақан» әнін қуана айтуға тырысады. Балалар орындарынан тұрып амандасады. Отырып тыңдайды. Балалар әнге қол шапалақтайды, сөздерін әнімен қайталайды.

	Балалар кезекпен өз қолдарымен асықты шығарады. Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі. Балалар әжемен қоштасады.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

- Біледі: әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.
- Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.
- Меңгереді: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

Тақырыбы: «Анам менің тамаша»

Мақсаты: музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Қарагөз-қуыршақ, Қуыршақ- мама, бала санына сай қуыршақтар.

Сөздік жұмыс: ля-ля-ля, далама, қалама, балама.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті» театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. - Сәлем, достар! Сендер менің мамамды көрмедіңдер ме? Мен маманнан адасып қалдым, енді не істеймін? Көмектесіңдерші.	Балалар амандасады, жаттығуды еркін жүріп қайталайды. Балалар көрмегендерін айтады. - Көмектесеміз, іздеп көрейік.
	- Қарагөз, сен біздің қасымызға кел. Мен сендерге «Маманың мерекесі» (музыкасын жазған Н. Тілендиев, сөзін жазған М. Мақатаев) әнін орындап берейін. Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады. - Балалар, сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім. Енді бәріміз ән айтайық. Педагог: Біз «Наурыз келді» әнін сізге айтып береміз. Қуыршақ-мама: - Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер, аналарыңнан Қарагөзге ұқсап қашпаңдар. Қарагөз сендерге көп қуыршақ алып келіпті, бәріміз қосылып «Қуыршағым-ай» әнін ұнтаспадан тындап, билеп көрейік. «Мен бакытты баламын» ұнтаспасы. 1-бөлім «Қуыршағым-ай» (әнін, сөзін жазған И.Сапарбай).	Балалар анасы мен Қарагөздің кездескеніне қуанады. «Наурыз келді» әнін есіне түсіреді, айтуға талпынады. Балалар тәртіпті болуға, шуламауға тырысады. Қарагөздің қуыршақтарын бәрі алып, қуанады. Балалар қуыршақтарды қимылдатып, билеуге үйретеді.
	- Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады? Қарагөз: - Рақмет, достар, тағы менімен ойнайсыңдар ма? «Өз қуыршағыңа жет» ойыны.	- Қарагөз келді. - Ойнаймыз. Балалар ойнауға қызыға кіріседі, ойнайды.

	Қарагөз: - Достар! Сау болыңдар! Келесі жолы тағы да келемін. Музыка жетекшісі: - Сендер әнді айтып, жаксы биледіңдер, егер де жақсы катыссандар, Қарагөз тағы да келеді.	Балалар кол бұлғап коштасады.
--	---	--------------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді еске сақтауды, әнді айтуды, музыкалық шығарманы тың- дауды.

Игереді: қуыршақты ұстауды, өз орнын таңдауды. Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.

Меңгереді: музыка арқылы қимылдауды, қолдарын, аяқтарын қоз- ғауды, айналуды, дағдылануды.

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Мақсаты: «Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспен- шілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, бесік, бала тербетіп отырған ана.

Сөздік жұмыс: бесік, әлди-әлди.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Музыка жетекшісі балаларды «Әлди- әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат, бөпем», - деп бесікті тербетіп әндете карсы алады. Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр», - деп, тыныштық сақтауларын сұрайды. Әлди, әлди, бөбегім, Ақ бесікке бөледім. Ай мен күнге теңедім, Ақтарылған өлеңім. Музыка жетекшісі балаларға бесікті таныстырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынынан мәлімет береді. «Ұйықта, бөпем» (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек). Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей, жай жүріп, жай сөйлеу керектігін түсіндіру. «Қуыршақпен ойын». Балаларға қуыршақ беріп, олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды. Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2-3 рет қайталанады. Балалар әнді тыңдайды. Бесікті кезек- кезек тербетіп, жай дауыспен «әлди-әлди» деп сәбиді ұйықтатуға талпынады. Балалар тыныштық сақтап, сыбырлай сөйлеп, көп кимыл жасамайды. Балалар қуыршақты алдарына алып, әлдилейді. Музыка өзгергенде балалар қуыршақтарын көтеріп, бірге билеуге әрекет жасайды. Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Қорытындылау, балаларды мадақтау. Балалар жауап беруге тырысады.	Балалар баяу дауыспен әндетіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайгасады. Амандасады. Балалар бесікте жатқан сәбиге карап қызығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бала ұйықтар алдында «Әлди-әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игереді: «бесік», «қуыршақ», «әлди-әлди» деген сөздердің мағына- ларын игереді.

Меңгереді: қуыршақпен билеуді, ұйықтатуды, бесік тербету дағды- ларын меңгереді.

Тақырыбы: «Әлди-әлди, ак бөпем»

Мақсаты: музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бесік, бөпе-куыршақ, сылдырмақтар, бала санына сай қуыршақтар.

Сөздік жұмыс: әлди-әлди, сылдыр-сылдыр.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка жетекшісі балаларды қолындағы қуыршақ-бөпесімен карсы алады, амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Жетекші «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. - Балалар, біз казір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетуі мүмкін. (Әлдидің жылаған даусы естіледі). - Балалар, біздің бөпеміз оянды, енді «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуымызды жасайық (жаттығу қайталанады).	Балалар келеді, амандасады. Балалар «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын «бәсең» дыбыспен айтып жасауға тырысады. Бөпе оянғанда «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуды қайталауға тырысады.
	- Балалар, енді бөпемізді бесігіне жатқызайын, оның ұйқысы келіп тұр. (Бесікке жатқызу). Ал сендер «Бесік жыры» әнін тыңдаңдар (бір шумағын). Халық әні «Құлыным». (Роза Рымбаева. «Сезон» ААҚ, 2003 ж.) - Балалар, сендерге ән ұнады ма? - Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ» әнін қайталайық, есімізге түсірейік. Жетекші сылдырмақтарды балаларға таратып беріп, әнді айтып, қимылдарын жасауға, қайталауға ынталандырады. - Балалар, «Сылдырмақ» әні естеріңе түсті ме? Олай болса, бірінші «бәсең» дауыспен айтып көрейік, өйткені біздің бөпеміз ұйықтап жатыр. Бөпенің жылаған даусы естіледі. - Балалар, енді «көтеріңкі» дауыспен айтайық, бөпемізді жұбатайық. - Балалар, жаңа кім жылады? Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым-ай» биін билеп берейікші (куыршақтарды үлестіреді).	Балалар бесікке қызыға қарайды. «Бесік жыры» әнін тыңдауға тырысады. Балалар сұраққа жауап беруге талпынады. Орындарынан тұрып, сылдырмақты алып, «Сылдыр-сылдыр сылдырмақ» деп қайталайды, билеуге талпынады. Балалар әнді «бәсең» және «көтеріңкі» дауыспен айтуға тырысады. Балалар бесікке барып қарауы мүмкін, тербетуі, жұбатуы мүмкін (балаларға ерік беріп, бақылау). «Бөпе жылап жатыр», - деп айтуға тырысады. Балалар қуыршақты алып, билейді.
	- Балалар, сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар, сендерге көп-көп рақмет. Келесі жолы жақсы билеп, ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келуі мүмкін, - деп мадақтайды.	Балалар көңілденіп, шаттанып, коштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.

Игереді: әлдилеуді, сылдырмақты ұстауды, қуыршақты ұстауды.

Меңгереді: шеңбер жасауды, отырып-тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

Тақырыбы: «Әжем келді ауылдан»

Мақсаты: әже арқылы балаларға наурыз туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Сөздік жұмыс: наурыз, бауырсақ, құрт, ірімшік.

Қолданылатын көрнекі құралдар: дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады. Халық әні «Еркем-ай». «Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәміміз. Көжесі көп, қыры көп Қандай жақсы наурыз!» - Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін - мереке. Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарын атолы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік. Әже ән орындайды. «Наурыз - біздің жаңа жыл» (музыкасы мен сөзін жазған Ж. Қалжанова). - Наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады. 2-шумағы орындалғанда әже балалармен бірге қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңберді үлкейтуін сұрайды. Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. ____ Балалар әженің әңгімесін тыңдайды. Тағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, ірімшік, жент сөздерін елдерінің келгенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. Әжемен бірге шеңбер бойымен қол ұстаса жүреді. Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды. ____ «Бәйге» ойыны. Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді. Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады.	Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.

Игереді: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді. Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру

Тақырыбы: «Санамақ»

Мақсаты: дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру. Қолданылатын көрнекі құралдар: қолдың суреті, саусақтары.

Сөздік жұмыс: бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка ¹ залына көңілді музыка әуеніне қосылып балалар кіреді. Музыка жетекшісінің көмегінсіз әуенге сай қимылдар жасайды. Жаңадан әуенге ілесіп аяқтың өкшесін кезек-кезек қойып би қимылын жасауы тиіс.	Балалар музыкамен залға кіреді. Шеңбер бойында қимылдар жасайды. Тізені бүгіп, қолды белде ұстап қимыл жасайды. Жаңадан аяқтың өкшесін еденге қойып, кезек-кезек ауыстыруға тырысады.
	Музыка жетекшісі балаларға қолдың суретін көрсетіп, ондағы саусақтармен таныстырады. Балалардан қолдарын көтеріп, саусақтарын көрсетуін сұрайды. Өзі саусағын көрсетіп, саусақтардың аттарын айтады. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Енді осы саусақтарын көрсете отырып әндетеді. «Не істейміз?» (музыкасын жазған А.Токсанбаев, сөзін жазған Е.Өтетілеуұлы). Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Ән қайталанғанда балалармен бірге қимылмен айтады. Отбасы мүшелерінің суретін көрсетіп, саусақтарымен санап, әннің отбасы мүшелеріне тиісті саусағымен қимылдар жасауы тиіс. «Нешеуіміз?» деген сұраққа «бесеуіміз» деп жауап берулерін талап ету керек.	Балалар музыка жетекшісінің соңынан қолдарын көрсетеді, саусақтарын жыбырлатады. Әрбір саусақтарын атауымен көрсетуге тырысады. Әнді тыңдайды. Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. «Папам, апам, ағам. мен, сен» деген сөздер қайталанғанда қосылып айтуға тырысады. Балалар отбасы мүшелерін атап беруге талпынады. «Бір үйде біз бесеуіміз» деген сөзге бес саусақтарын көрсетеді.
	Енді барлығы орындарынан тұрып, «Құрсау-құрсау» ойынын ойнайды. Шеңбер жасап үйренуге талпынуы керек. Әннің мәтіні бойынша шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп, отырып, қимылдар жасауы тиіс. Балалардың қимылдарын атап өту, мақтау, мадақтау, қорытындылау.	Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді. Ортаға жиналып, шеңберді кішірейтеді, қайтадан созылады. Отырып-тұрып қимылдар жасауға талпынады. Әсем әуенмен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: саусақтарын көрсетіп, санай білуі керек.

Игереді: саусақтың аттарын атай білуді игерді. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Меңгерді: отбасы мүшеулерін санауды, саусағымен үйлестіре санау- ды меңгерді.

Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»

Мақсаты: ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, му-зыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бұлттар мен жауған жаңбырдың суреті, қолшатыр.

Сөздік жұмыс: жаңбыр, бұлт.

Оқу іс-әрекеті-нің ке-зеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-нозғаушылық	Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды. Күн болып жанайық, Жаңбыр болып жауайық, Гүл болып жайнайық, Жүгіріп-жүгіріп алайық.	Балалар музыка әуеніне ілесіп залға кіреді. Шеңбер бойымен жүгіреді, әуенге сай қимылдар жасайды. Тізені бүгу, қолды буыннан бұрап айналдыру, т.б.

Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады. Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.

«Жаңбыр» (музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай).

Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді.

«Көктен тырс-тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді. «Біз ойнайтын ауланың Тазартасың ауасын», - дегенде қолдарын жоғары көтереді. - Жаңбыр жауғанда үстіміз су болады, сондықтан біз қолшатырдың астына тығылуымыз қажет. «Жаңбырмен күн» ойыны. Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.

Балалар жаңбыр деген сөзді қайталайды. «Тырс-тырс» сөзін үйренеді. Әнді тыңдайды. Мәтінге сәйкес бұлтты бейнелейді, бір алақанын жайып, екінші алақанымен жауған жаңбырды бейнелеп, «тырс-тырс» сөзін қайталайды.

Балалар қолдарын аспанға көтереді, желпінген секілді таза ауаны көрсетуге тырысады.

Балалар көңілді музыка ойналғанда жан-жаққа жүгіреді де, әуен өзгергенде қолшатырға тығылуға тырысады.

Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, жаңбыр, бұлт сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды. Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ауа райында кездесетін жауын-шашын түрлерін. Игереді: жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылық ажыратуды. Меңгереді: күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

№ 43 технологиялық картаСәуір

Тақырыбы: «Қошақаны қойдың»

Мақсаты: ән арқылы үй жануарларының енесін, төлін ажырата білуге үйрету. Есту қабілетін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

Сөздік жұмыс: қой, қозы.

Оқу іс-әрекеті-нің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-зрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу, шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру, айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді.	Балалар шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, тізені бүгіп, қолды белге ұстап қимыл жасайды. Балалар суретті қызықтайды.
	- Балалар, біз сендермен ботақан, лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық. Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр. Кәне, бәріміз қайталайық. Қошақан - қойдың төлі. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасын жазған Б. Бекзатов, сөзін жазған Ө. Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды, «Бүлтиып тұр бүйірін» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап» ойыны ойналады. Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі, жанында бірнеше төлдер жатады. Бала сол жануардың төлін тауып, қасына суретін қоюы тиіс. Ойын басқа жануарлармен қайталанады.	Балалар қошақан, қозы сөздерін қайталайды. Балалар әнді тыңдайды. Балалар музыка жетекшісіне ілесіп, қолдарын жайып, бүйірлерін көрсетіп, қимылдар жасауға тырысады. Бала қойдың жанына қозының суретін қоюға тырысады және атын атайды.
	Ән сендерге ұнады ма? Қорытындылау, балаларды бағалау, мадақтау.	Балалар көңілденіп, топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарлары - қой мен қозының атын атай білу керек. Игереді: жануарлардың төлдерін атай білуді игереді. Меңгереді: музыкаға ілесе отырып әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

Тақырыбы: «Лағым»

Мақсаты: жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын жасауға, денені жеңіл ұстауға үйрету. Жануарлардың қимылын, дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру. Дыбыс биіктігін ажырата білуге баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.

Сөздік жұмыс: лақ, ешкі, күшік, күшіктің үйшігі.

Оқу іс-әрекетінің кез-зандері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Балаларды музыка әуенімен карсы алу. Музыка әуеніне сәйкес кимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда кимылды токтату. Балаларды ойыншық лак күтіп алады. «Жалт-жұлт етіп, лақ, Жағалайсың құрақ. Секірем деп бірақ Қала көрме құлап». (А. Асылбек)	Балалар әуенге ілесіп қимылдар жасайды. Әуеннің ауысуына лайық кимыл жасауға талпынады.
	- Балалар, сендерді ак лак күтіп отыр. Лак - ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық. «Лақ» (музыкасын жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек). Әнді мұқият тыңдаймыз. Музыка жетекшісі ойыншық лакты колға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлагын көрсетеді. «Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді кайталап айтқан кезде «селтендеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені - құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.	Балалар лаққа жақындап, танысады. «Лақ», - деп кайталайды. Балалар әнді тыңдап, ойыншық лакты қызықтайды. Балалар әнге ілесе кимылдар жасайды, секіреді, «мә-ә» сөзін кайталайды. Жуан «мә-ә» дыбыс анасынікі, жіңішке «мә-ә» дыбысы лак екенін айтады.
	Қазір бәріміз музыка үнімен лак болып секірейік. Лак кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп каша жөнеледі. «Лақ пен күшік» ойыны. Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды куады. Музыка жетекшісі күшікке жакындап: «Лактар кішкентай, кума» деген ескерту жасайды.	Балалар музыка әуеніне ілесе барынша жеңіл секіруге тырысады. Күшік дауысын естіген сәтте кашуға әрекет жасайды.
Рефлексия-лық түзетушілік	- Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лак болып ойнадық, күшіктен каштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар.	Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.

Игереді: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.

Меңгереді: музыка әуенін ести отырып каша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: аттың макеті, ойынға арналған таяққа кигізілген аттың басы, ат және құлын.

Создік жұмыс: ат, құлыншақ, бәйге.

Оқу іс-әрекеті-нің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуені өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка	Балалар музыка үніне ілесіп жүреді, жүгіреді.
	тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтеріледі. Ойыншық атты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды. «Еркетайы даланың Мен - құлыншақ боламын. Серігімін, досымын Өздеріңдей баланың». (И.Сапарбай)	Орындарында тұрып тізені бүгеді, қолдарын бұрап айналдырады.
	- Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттын суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне, аттың кішкентай төлін «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е. Ташев, сөзін жазған Ө. Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді. - Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеді? «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады.	Балалар жақындап, ойыншық атты қызықтайды. «Ат, құлыншақ» деген сөздерді қайталайды. Балалар әнді тындайды. Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Ат секілді шабады. Екі баладан жарысуға тырысады.
	Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау.	Балалар музыкамен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата білу. Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді. Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

Тақырыбы: «Әукім-әукім, бұзауым»

Максаты: балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарларының топтамасы, сиыр мен бұзаудың суреті.

Сөздік жұмыс: сиыр, бұзау, әукім-әукім.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Көңілді музыка ырғағымен музыка залына кіреді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, қимылдар жасайды. Музыка жетекшісі әуенді ойнағанда балалар өздері қимыл жасай бастайды. Әуен тоқтағанда қимыл да тоқталады. Музыка жетекшісі бұзаудың суретін көрсетеді.

«Бұзауым бұзық,

Мінезі қызық.

Маңдайы күйді

Қазанды сүзіп».

(К. Ыбыраев)

Балалар музыка әуенімен залға кіреді. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіреді, тоқтайды. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды.

Музыка жетекшісі суретпен таныстырады. «Бұзау» сөзін қайталатады.

Музыка жетекшісі «Әукім» әнін орындайды (музыкасын жазған Е.Өміров, сөзін жазған Р. Наурызбаева).

Ойыншық бұзауды анықтап қарап, ән қайталанғанда «мө-ө» деп бұзауға еліктейді. Бұзау сүзеді.

Дидактикалық ойын: «Анасын тап». Музыка жетекшісі қалташыққа бұзаудың суретін қойып, екінші қапшықтан бұзаудың анасын табуын сұрайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Бұзау орнына қозыны, лақты, құлынды қойып ойнатуға болады.

«Қуып жет» ойыны. Музыка жетекшісі ойыншық бұзауды ұстап, балалардың бұзауды қуып жетуін талап етеді.

Балалар «бұзау» деп жауап береді.

Балалар ән мәтінін тыңдай отырып «мө-ө» сөзін қайталайды. Қолдарын маңдайына қойып, мүйіз секілді көрсетеді.

Бала көп төлдің ішінен бұзаудың анасын табуға тырысады, басқа төлдердің де анасын табуға талпынады.

Балалар ойыншық бұзауға жетуге әрекет жасайды.

	Қорытындылау. Балаларды мақтау, бағалау.	Көңілді тарасады.
--	--	-------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін ажырата біледі. Игереді: «бұзау», «сиыр» сөздерін, олардың дыбысталуын игереді. Меңгереді: үй жануарларының анасын, төлдерін ажыратуды меңгереді.

Тақырыбы: «Ботақан»

Мақсаты: балаларды үй жануарларымен, оның төлдерімен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу. Дыбыс биіктіктерін ажыратуға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарлары, олардың төлдері.

Сөздік жұмыс: ботақан, түйе, төл.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Көңілді музыка әуенімен балалар музыка залына келеді. Шеңбер бойымен жеңіл музыка ырғағына ілесіп жүгіреді. Қолды жоғары көтеріп, буынынан қозғалтады (фонарик), орындарында тұрып айналады. Көтеріңкі көңіл күймен музыка жетекшісі өлең оқиды. «Айналайын ботам, Қандай күлте жотаң, Табандарың жалпаң, Иіліп тұр мойының, Қанбайды екен ойының, Тостагандай көзің, Әдемісің өзің». (Қ. Мырза Әли)	Балалар көңілді әуенмен шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді. Балалар қолдарын буынынан қозғалтып, орындарында тұрып айналып қимылдар жасауға тырысады.
	- Балалар, сендерге бүгін қонаққа түйенің төлі бота келіпті (суретін көрсетеді). Қараңдаршы, қандай сүйкімді, көзі үлкен, мойны ұзын. Түйенің баласын, яғни төлін «бота» дейді. Енді осы бота туралы ән тыңдаймыз. «Ботақан» әні (музыкасын жазған Е.Өміров, сөзін жазған Р. Наурызбаева). «Жібек жүнін желпілдеп Жүгіресің соңымнан». Балаларға қимыл жасап көрсетеді. «Жем жейсің келіп қолымнан». Музыка жетекшісі әнді айта отырып, қолын созып көрсетеді. Әнді қайталап айту кезінде музыка жетекшісі өзі түйе кейпін сақтап, балалар бота болады. - Бота қалай дыбыс шығарады? - Балалар, ботақан өзімен бірге қоржын ала келіпті. Кәне, бәріміз қоржынды қарайық, ішінде не бар екен? Музыка жетекшісі бір баланы шақырып, ішіндегі затты алуын сұрайды.	Балалар суретті қызықтайды. «Бота», «түйе» сөзін қайталайды. Әнді мұқият тыңдайды. Балалар түйеге қарап, әнге ілесе отырып қимылдар жасайды. Үстерін сипап, жүнін бейнелейді. Жүгірген кейіп көрсетеді. Балалар қолдарын созып, ботаканға жем береді. Балалар қоржынды қызықтайды. Қоржыннан асықты алуға тырысады.
Ұйымдастыру-шылық-ізденістік	Бұл - асық. Басқа балалар да кезектесіп асықты алады, қызықтайды. Енді бәріміз асықпен бірге жүгірейік, қайтадан қоржынға салайық. Музыка жетекшісі асықты жерге шашып, балалардан жинауын сұрайды. «Кім тез жинайды» ойыны. Ойын қайталанады.	Балалар таласа асықты жинайды.
Рефлексиялық - тугетушілік	- Бізге қонаққа не келді? -Сендер бүгін немен ойнадыңдар? Балаларды мақтау, бағалау.	Балалар жаңа сөздерді қайталайды.

--	--	--

Күтілетін нәтиже:
Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі керек. Игереді: түйенің төлі бота сөзін.
Меңгереді: әннің мәтініне лайық қимыл жасауды меңгереді

Тақырыбы: «Жайлауда»

Мақсаты: балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арт- тыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: үй жануарлары топтамасы, үйшік.

Сөздік жұмыс: жануар, төл.

Оқу іс- әрекеті- нің ке- зеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Ортада дөңгелек үстел жанында әже отырады, айналасында жайылып жүрген ойыншық малдар. Жайлаудың көрінісін бейнелеу. - Балалар, біз бүгін жайлауға барамыз, әжемізді сағындық, әрі үй жануарларымен танысып кайтамыз.	Балалар әдемі әуенмен әжелеріне жолға шығады. Ұзақ жол жүріп әжелеріне жетеді. Амандасады.
	- Балалар, біз әжеге қонаққа келдік. Әже, үй жануарларыңызбен біздің балаларды таныстырыңызшы. Әрбір жануарлардың аттарын және олардың төлдерін балалардан сұрайды. Музыка жетекшісі әрбір жануарға арналған әнді айтады. Балалар ән мәтінін тыңдай отырып, сол жануарларды табуы тиіс. Әже балаларға ойын ойнауды ұсынады. Дидактикалық ойын: «Өз төлінді тап». Әже жануарларды өз төлдерінен бөліп, араластырып жібереді. Әр жануарлардың жанына өз төлдерін тауып коюды сұрайды.	Балалар үй жануарларының аттарын атайды. Төлдерін атап, қалай дыбыс шығаратынын дыбыстайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар әрбір жануардың төлдерін өз орындарына дұрыс табуға әрекет жасайды.
	Балаларға әже ризашылығын жеткізеді. Жиі келіп тұруларын сұрайды. Балаларға мақтау сөздер айтады.	Балалар әжелеріне рахмет айтып, көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне кайтады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі керек.

Игереді: үй жануарларын, төлдерін бір-бірінен ажырата білуді иге-
реді.

Меңгереді: үй жануарларының қимылдарын әуенмен жасауды мең- гереді.

Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті»

Мақсаты: әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында ай-налу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.

Сөздік жұмыс: гүл, қолшатыр, күн, «қаш-қаш», «бас-бас».

Оқу іс-әрекеті-нің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді. «Гүлді ұстап көрейік, Ақырындап жүрейік», - деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді. «Вальс» (Қ.Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады. «Көктем гүлі көрікті, Би билейік көңілді!» Музыка жетекшісі «Көктем гүлдері» биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен: - Балалар, қараңдаршы далаға, «Күннің көзі ашылды, Алтын нұры шашылды!» - деп балаларды ұнтаспадағы көңілді ырғаққа («Айгөлек» әні, Р.Рымбаеваның орындауында) билеуге шақырады. Тербелу, еекіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-әрекеттерін бақылай жүреді. Ұнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі. «Жаңбыр жауды себелеп, Дала қандай керемет!» - деп, қолшатырды ашады. «Қолшатырға қаш-наш, Аяғыңды бас-бас!» - деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады. Бұл кезде педагог жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»-таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді. Ойынды 2-3 рет қайталауға болады. Ойын соңында: «Күннің көзі ашылды, Жаңбыр жауып басылды!» - Енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке- автобусқа жайғасып отыруға» шақырады. Жетекші «Көлікке мінеміз» ойынын ұйымдастырады. «Машина» әнін (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған Т.Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. _____ Балалар көңілденіп, әуенге еркін қимылдап, билеуге	Балалар гүлдерді қуана алып, қызықтап қарайды, таңданады. Балалар шеңбер бойымен тұруға машыктанып, билеуге дайындалады. Көрсетілген би қимылдарын қайталап жасауға талпынады. Балалар жүгіре басып гүлдерді себетке салады. Балалар көңіл бөліп, далаға назар аударады.

	талпынады. Бір орында тұрып айналады, секіреді. Қол ұстасып айналып, тербеледі. Жаңбыр даусы мен күннің күркірегенін естіп, таңғалады. Қолшатырға асыға жүгіріп, тығылуға тырысады. Балалар көңілдене ойнап, қуанады. Көңілді әуенді тыңдап, билеуге, жаңбыр дауысын естігенде қолшатырға жасырынуға машықтанады. «Автобусқа» көңілдене жайғасады. Балалар әннің мазмұнына сай қимылдар жасап, «бип-бип» сөзіне қосылуға тырысады. Ойынды көңілді қабылдап, бірге қуанады. - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! деп мадақтайды. Шамалары келгенше жауап беруге тырысады. Балалар қол шапалақтап, қуанады.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.

Игереді: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.

Меңгереді: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасай- ды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

Тақырыбы: «Көңілді барабан»

Мақсаты: әуенді тыңдауға, есту, есіне сақтау қабілетін, ырғақты ажыратуға баулуды жалғастыру, барабанда ойнауға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: бірнеше барабан аспаптары, ұлттық киімдегі Жәмила-қуыршақ.

Сөздік жұмыс: «соқ-соқ», барабан, «бір, екі, үш».

Оқу іс- әрекеті- нін ке- зендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Көңілді әуен ырғағымен балалар залға кіреді. Музыка жетекшісі балаларды ойыншық мысықпен карсы алады: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді: «Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады, - деп, ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді. Қайталап айтып, балаларға мысық қимылын көрсетулерін сұрайды.	Балалар кіріп, көңілді амандасады. Ала мысықты көріп таңданады, ұстап, сипап көруге талпынады. Мысықпен бірге оның қимылын көрсетуге тырысады.
Ұйымдастыру- шылық-ізде- ністік	- Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық. Жүріңдер! - деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Серуендеп, би билейміз» музыкасы (Э.Раухвергер.) «Ала мысық айлалы, Дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды. - Балалар, ала мысық мияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? - деп қараған болып, барабанды «тауып алады». -Балалар, мысық бізге сыйлық әкеліпті. Музыка жетекшісі балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан-аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнап береді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көруге мүмкіндік береді. - Ала мысықты қуантып ән айтып берейік, ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп орындыққа ойыншықты қояды. «Барабан» әні (музыкасын жазған Б.Дәлденбай, сөзін жазған Ж.Әбдірашев) орындалады. «Соқ» сөздерін қосылып айтуға икемдейді. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады. - Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығындар, - деп шақырады. «Мысық пен Мысықай» ойыны ойналады. Мысық және Мысықай дауыстарын салған балаларды мадақтайды. «Көңілді ырғақ» биін («Еркем-ай») бірге билеуге шақырады. Балаларға таныс би қимылдарын ұсынады. Таңдана қарайды, қызығушылығы артады, көңіл күйлері көтеріледі. Кілемге жайғасып отырады. Балалар барабанды ұстап, таяқшасымен соғып, ойнап көреді. Балалар ынта қойып тыңдайды. «Соқ», «Бір-екі-үш» сөздерін қайталауға талпынады. Барабанда көңілді ойнап, таяқшамен соғады, қуанады. Ойынды ұйымдасқан түрде ойнап, көңілденеді. Балалар көрсетілген би қимылдарын қайталап, көңілді билейді. Балалар, барабанды қалай соғамыз? Ойын сендерге ұнады ма? Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты. Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! -	Шеңбер бойымен аяқты көтере мысық жүрісін салып, «серуендейді». Балалар: «Мияу-мияу!» - деп қуана жауап береді.

	деп, балаларды шығарып салады. Балалар жауап беруге тырысады. Барабан аспабында ойнауды имитация арқылы көрсетеді. Қоштасып, шығады.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ырғақты ажырата білу, дыбыстарды қайталай білу.

Игереді: барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, ды- бысты есте сақтап қайталауды игереді.

Менгереді: барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтініне сай іс-әрекеттер көрсете алады.

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті орамалдар, ұлттық киімдегі Жәмила-қуыршақ.

Сөздік жұмыс: қызыл, сары, жасыл, көк, орамал, «көп-көп».

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді. «Келіндер, келіндер, Шеңбер құрып беріңдер!» - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді. «Қызыл, сары, жасыл, көк, Орамалды алайық, Қолды көкке созайық, Қозғап, қозғап қалайық!» - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би сонында музыка жетекшісі: «Орамалды аламыз, Сандықшаға саламыз», - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп: - Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? - деп ақырындап барып үйшікке жакындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды. - Балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. - Енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен педагог Жәмила- қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар?-деп амандасады. Үйшікке таңырқап, қызыға қарайды. Үйшікке ақырын басып жакындайды. Үйшіктің жанына келіп, қатты шапалақтайды. Қуыршақты көріп, балалар қол шапалақтап қуанады. Аяқтарын көңілдене топылдатады. Балалар қуыршақпен амандасады. Ортаға шығып, шеңберге тұрады. Екеуден тұрып айналады, тербеледі, аяқтарын топылдатады, шеңбер бойымен жүреді. Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ: - Балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! - деп иіліп қоштасады.	Балалар өздері ұнатқан түстегі орамалды таңдап алады. Көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен тез тұруға әрекет етеді. Орамалдарды ұстаған қолдарын төмен түсіреді, көтереді, бір орында тұрып айналады. Орамалды ақырын қозғайды. Тез-тез қозғайды.

	Балалар куана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек. Игереді: Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді.

Меңгереді: Ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айнала- ды, орамалмен би қимылдарын жасайды.